

№ 18 от 20.02.2025

Бұйрыққа қосымша

«Қазақстан Республикасы
Көлік министрлігінің
Автомобиль жолдары комитеті
Төрағасының міндетін атқарушы
28 желтоқсан 2023 жылғы №134
бұйрығымен бекітілген»

**АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫН ЖОБАЛАУ, САЛУ,
ҚАЙТА ҚҰРУ, ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ КҮТІП-ҰСТАУ КЕЗІНДЕ ЖОЛ-
ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ
БІРЫҢҒАЙ БАЗАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Ресми басылым

Астана, 2025

АЛҒЫСӨЗ

1 ӘЗІРЛЕДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗДІ

«Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамы
(«ҚазжолҒЗИ» АҚ)

2 БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

3 АЛҒАШҚЫ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ

2029 жыл
5 жыл

4 ОРНЫНА

Қазақстан Республикасы Көлік
Министрлігі Автомобиль жолдары
комитеті Төрағасының м.а. 2023 жылғы
«28» желтоқсандағы №134 бұйрығымен
бекітілген Автомобиль жолдарын
жобалау, салу, қайта құру, жөндеу және
күтіп-ұстау кезінде жол-құрылыс
материалдары мен жаңа
технологиялардың бірыңғай базасын
қалыптастыру және жүргізу ережелері

*Құжат Қазақстан Республикасы нормативтік – құқықтық актілерінің «Әділет»
ақпараттық – құқықтық жүйесінде және «InfoZhol –<http://infozhol.kad.org.kz> электронды
мәліметтер базасында қол жетімді*

Осы құжатты Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

Комитет автомобильных дорог - Самамбетов Н. Т.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	5
1 Қолдану саласы	6
2 Нормативтік сілтемелер	6
3 Терминдер мен анықтамалар	7
4 Жалпы ережелер	9
5 Аprobациялау және Бірыңғай базаға енгізу үдерісі	10
6 Пилоттық жобаларда «сары» мәртебесі бар материалдар мен технологияларды қолдану	13
7 Жобалау-сметалық құжаттама және Бірыңғай базада тіркелген өнімді қолдану	14
8 Машиналар, жабдықтар және механизмдер	15
9 Карьерлер мен зауыттар	16
10 Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің техникалық құралдары	17
11 Өнеркәсіптік, өндірістік және техногендік қалдықтардан алынған материалдар тізілімі	17
12 Кепілдік міндеттемелер	18
13 Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау	18
14 Қоршаған ортаны қорғау	19
15 Өрт қауіпсіздігі	19
А қосымшасы (міндетті) Жол саласына жаңа (инновациялық) өнімді енгізудің ұйымдастырушылық сұлбасы	20
Б қосымшасы (міндетті) Технологияны (жаңа материалды, зертханалық аспапты, жабдықты) қолдана отырып, тәжірибелік телімді (нысанды) ғылыми-техникалық сүйемелдеу жөніндегі акт	21
В қосымшасы (міндетті) Нысанда (жаңа материалдың, технологияның және т.б. атауы) қолдана отырып, тәжірибелік және бақылау телімдерінің жай-күйін тексеруді (мониторингті) орындауға арналған акт	23
Г қосымшасы (міндетті) Жаңа (инновациялық) материалдар мен технологияларды тексеру (мониторингілеу) мерзімі	25
Д қосымшасы (міндетті) «Сары» мәртебесі бар материалдарды апробациялауға арналған пилоттық жобалар үшін ұсынылатын тәжірибелік телімдердің ұзындығы/ауданы	27
Библиография	29

КІРІСПЕ

Жол саласында ғылым мен техниканың, цифрлық инновациялардың жаңа жетістіктерін енгізудің негізгі мақсаты ғылым мен өндірісті біріктіру арқылы бәсекеге қабілеттілікті арттыру және Қазақстан Республикасының ұлттық экономикасының дамуын қамтамасыз ету болып табылады.

Осы Ережелер 2011 жылғы 18 қазандағы КО ТР 014/2011 «Автомобиль жолдарының қауіпсіздігі» техникалық регламенттерінде белгіленген [1], [2], 2023 жылғы 9 маусымдағы № 435 ҚР ТР «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі туралы» [3], [4], Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде және ерікті қолдану стандарттарына белгіленген мақсаттарға қол жеткізу сондай-ақ, автомобиль жолын салу бойынша технологиялық, инфрақұрылымдық және басқару үдерістерінің кешенін сапалы орындауды қамтамасыз ету мақсатында техникалық реттеу нысанының – автомобиль жолдарының қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету бойынша карьерлерден және өндіруші зауыттардан жаңа материалдар мен бұйымдарды, озық технологияларды, машиналарды, жабдықтар мен механизмдерді, жол-құрылыс материалдарын енгізу, бақылау, қолдану үдерісін регламенттейді.

Ережелер нақты өндірістік жағдайларда: автомобиль жолдары мен құрылыстарын жобалау, салу, қайта құру, жөндеу, пайдалану, күтіп-ұстау, тәжірибелік телімдерді ғылыми-техникалық сүйемелдеу мен мониторингті жүзеге асыру кезінде Жол-құрылыс материалдарының бірыңғай базасының материалдары мен технологияларын жүйелі енгізу және қолдану мәселелерін реттейді.

Ережелер нарықтың барлық қатысушылары үшін ашық және сенімді контентті қамтамасыз ету үшін жол-құрылыс материалдарының Бірыңғай базасын құруды, толтыруды және өзектендіруді регламенттейді.

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Осы Ереже автомобиль жолдарын диагностикалау және паспорттау шеңберінде Жол-құрылыс материалдары мен жаңа технологиялардың бірыңғай базасының материалдары мен технологияларын енгізу және қолдану кезінде тапсырыс берушілер, жеткізушілер, орындаушылар, мердігерлер, пайдаланушы ұйымдар, мемлекет қатысатын салалық жол ғылыми-зерттеу институты, сондай-ақ автомобиль жолдары мен құрылыстарын техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу, жобалау, салу, қайта құру, жөндеу, пайдалану және күтіп-ұстау, оның ішінде: халықаралық және республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар; инжинирингтік қызметтер көрсету; жобаларға ведомстводан тыс кешенді сараптама жасау; автомобиль жолдарын орташа жөндеуге арналған техникалық құжаттамаға ведомстволық сараптама жүргізу; жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жүргізу; жобаларды ғылыми-техникалық сүйемелдеу; тәжірибелік тәлімдерді мониторингілеу құзыреті жөніндегі уәкілетті органдар арасында туындайтын қатынастарға қолданылады.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ережелерде мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР СТ 1053-2011 Автомобиль жолдары. Терминдер мен анықтамалар.

ҚР СТ 1412-2017 Жол қозғалысын реттеудің техникалық құрылдары. Қолдану ережелері.

ҚР СТ 2607-2015 Жол жұмыстары орындалатын орындарда қозғалысты ұйымдастырудың техникалық құралдары. Негізгі параметрлер. Қолдану ережелері.

ГОСТ 32758-2014 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Жол қозғалысын ұйымдастырудың уақытша техникалық құралдары. Техникалық талаптар мен қолдану ережелері.

ГОСТ 32759-2014 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Жол бағаналары. Техникалық талаптар.

ГОСТ 32945-2014 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Жол белгілері. Техникалық талаптар.

ГОСТ 32953-2014 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Жол таңбасы. Техникалық талаптар.

ГОСТ 33127-2014 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Жол қоршаулары. Топтастырылуы.

ГОСТ 33128-2014 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Жол қоршаулары. Техникалық талаптар.

ГОСТ 33220-2015 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Пайдалану күйіне қойылатын талаптар.

ГОСТ 33239-2015 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Жол

бағдаршамдары. Техникалық талаптар.

ГОСТ ISO/IEC 17025-2019 Сынақ және калибрлеу зертханаларының құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптар.

ҚР ҚН 1.03-00-2022 Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындарды, ғимараттарды және құрылыс салуды ұйымдастыру.

ҚР ВН 8.12-001-2024 Автомобиль жолдарын салу және жөндеу кезінде жұмыстардың сапасын бақылау және қабылдау.

ҚР ВН 1.03-05-2011 Құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы.

ҚР ЕЖ 1.03-106-2012 Құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы.

ҚР ЕЖ 2.02-101-2014 Ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігі.

ҚР ЕР 218-162-2023 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарын орташа және ағымдағы жөндеу кезінде техникалық қадағалауды жүзеге асыру және оның шығындарын анықтау жөніндегі нұсқаулық.

ҚР Ұ 218-144-2018 Автомобиль жолдарының құрылымдық элементтерінің, оның ішінде салу, реконструкциялау, күрделі, орташа және ағымдағы жөндеуден кейінгі жол жағдайының жөндеуаралық мерзімдерін белгілеу жөніндегі ұсынымдар.

Ескертпе - Осы Ережені қолдану кезінде жоғарыда көрсетілген стандарттардың және жыл сайын шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық көрсеткіші бойынша ағымдағы жылға және ағымдағы жылы жарияланған тиісті ай сайын шығарылатын ақпараттық көрсеткіштерге қатысты басқа да нормативтік құжаттардың қолданылуын тексеру ұсынылады. Егер нормативтік-техникалық құжаттың күші жойылса және оның орнына жаңасы қабылданса не өзгертілсе, онда осы қағидаларды пайдалану кезінде жаңа немесе өзгертілген құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтеме құжаты жаңа құжатты жарияламай күшін жойса, онда оған сілтеме берілген Ереже осы сілтемеге әсер етпейтін бөлікте қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

3.1 Осы Ережеде ҚР СТ 1053 сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады. Оларға қосымша тиісті анықтамалары бар келесі терминдер қолданылады:

3.1.1 Жол-құрылыс материалдары мен жаңа технологиялардың бірыңғай базасы (бұдан әрі - Бірыңғай база): Жол-құрылыс тас материалдары (шағыл тас, қиыршық тасты-құмды қоспа, қиыршық тасты-құмды қоспа, шағыл тасты-қиыршық тасты құмды қоспа, құм, сұрыпталған қалдық), органикалық емес тұтқырғыштар (минералды ұнтақ, цемент), битумдар, жаңа материалдар мен технологиялар, зертханалар, машиналар, жабдықтар мен механизмдер, асфальтбетон және Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттары мен ведомстволық құжаттарының нормативтік талаптарына сәйкестігін растау рәсімдерінен өткен басқа да зауыттар туралы ақпаратты қамтитын ақпараттық-

цифрлық жүйе.

3.1.2 Техникалық кеңес: Автомобиль жолдары саласындағы уәкілетті органның жанында жұмыс істейтін салалық ұйымдардың алқалы кеңесші органы, оның функциялары - жол құрылысына жаңа технологиялар мен материалдарды, құрылымдарды, бұйымдарды тәжірибелік апробациялау және енгізу туралы мәселелерді қарау.

3.1.3 Өтініш беруші: Меншік иесі, өнім беруші, инвестор, өнім өндіруші, карьерге, зауытқа, өндіріске, машиналарға, жабдықтарға немесе механизмдерге, зертханаға құқықтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жаңа (инновациялық) өнімге дистрибуция құқықтары бар заңды немесе жеке тұлға.

3.1.4 Жаңа технологияларды енгізу: Бұл белгілі бір телімдегі жолдардың сапасы мен қозғалыс қауіпсіздігін жақсарту үшін қолданылатын ғылыми әзірлемелер мен шешімдер жиынтығы.

3.1.5 Ғылыми-техникалық сүйемелдеу: Нақты өндірістік жағдайларда инновациялық қызмет өнімдерін олардың мақсатына сәйкес енгізуге бағытталған үдеріс.

3.1.6 Тәжірибелік/пилоттық телімдерді зерттеу (мониторинг): Бұл пайдалану және қоршаған ортаға әсер ету нәтижесінде олардың жағдайындағы ықтимал антропогендік өзгерістерді бақылау және бақылау, бағалау және болжау жүйесі [5].

3.1.7 Жаңа технологиялар тізілімі: Жаңа материалдар, технологиялар, құрылымдар мен бұйымдар, машиналар, механизмдер туралы ақпаратты қамтитын, сондай-ақ тәжірибелік телімдер туралы деректерді және оларды сынақтан өткізу барысында алынған нәтижелерді қамтитын Бірыңғай базаның құрамдас бөлігі.

3.1.8 ГАЗ картасы: Мақсаты жол құрылысында материалдарды жүйелеу, өзектендіру, талдау және пайдалану болып табылатын жол-құрылыс материалдары мен жол саласындағы жаңа технологиялардың Бірыңғай базасының құрамдас бөлігі. ГАЗ картасы Карьер карталарынан, асфальтбетон зауыттарының карталарынан, битум зауыттары мен қоймаларының карталарынан, тәжірибелік телімдердің карталарынан тұрады.

3.1.9 Аккредиттелген зертханалар тізілімі: Аккредиттеу саласына сәйкес зертханалық сынақтар жүргізетін құзыретті аккредиттелген зертханалар туралы Бірыңғай базаның құрамдас бөлігі.

3.1.10 Жол қозғалысы қауіпсіздігінің (ЖҚҚ) техникалық құралдары: Жолдардағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, қозғалысты реттеуге, апаттық жағдайлардың алдын алуға және олардың салдарын азайтуға арналған ЖҚҚ техникалық құралдарының тізілімін жүргізуге және ақпарат беруге арналған Бірыңғай базаның құрамдас бөлігі.

3.1.11 Цемент, минералды ұнтақ және битум өндірушілерінің тізілімдері: Бірыңғай базаның құрамдас бөліктері. Орналасқан жері, иелерінің байланыс құралдары, материалдарды сынаудың өзекті хаттамасы туралы

ақпаратты қамтиды.

3.1.12 Өнеркәсіптік, өндірістік техногендік қалдықтардан алынған материалдар тізілімі: Өнеркәсіптік, өндірістік және техногендік қалдықтар туралы ақпаратты қамтитын, сондай-ақ тәжірибелік телімдер туралы деректерді және оларды сынақтан өткізу барысында алынған нәтижелерді қамтитын бірыңғай базаның құрамдас бөлігі.

3.1.13 Пилоттық жоба: Бұл жаңа технологияларды, материалдарды немесе шешімдерді ықтимал кең ауқымды қолданар алдында нақты пайдалану жағдайында сынауға, тексеруге және бағалауға арналған ауқымы мен мерзімі шектеулі жоба.

3.1.14 Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператор: «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ) және оның филиалдары.

3.1.15 Жол активтерінің сапасы ұлттық орталығы: «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорын (бұдан әрі – «ЖАСҰО» ШЖҚ РМК) және оның филиалдары.

3.1.16 Бірыңғай базаның үйлестірушісі: «Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «ҚазжолҒЗИ» АҚ).

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Жаңа материалдарды немесе жаңа технологияны (бұдан әрі - өнім) Бірыңғай базаға енгізу үшін өтініш беруші міндетті түрде тиісті мәртебелерді тіркеу және алу рәсімінен өтеді.

4.2 Жол қызметіне жаңа материалдар мен технологияларды енгізу апробацияның мынадай негізгі кезеңдерін дәйекті іске асыру жолымен жүзеге асырылады

- Бірыңғай база тізіліміне өтінім беру;
- Құжаттардың толықтығын бастапқы тексеру;
- Техникалық кеңестің отырысы;
- жаңа (инновациялық) өнімді қолдана отырып, тәжірибелік телімді ғылыми-техникалық сүйемелдеу;
- жаңа (инновациялық) өнімді қолдана отырып, тәжірибелік телімді зерттеу (мониторингілеу);
- жаңа технологиялар тізіліміне енгізу үшін Техникалық кеңестің отырысы;
- «апробацияланды» мәртебесін бергеннен кейін жобалау-сметалық құжаттамаға енгізу мүмкіндігін кейіннен қарау үшін технологиялық карта (міндетті түрде), техника-экономикалық негіздеме (міндетті түрде), қорытынды (міндетті түрде) жүктеледі;

4.3 Жол саласына жаңа (инновациялық) өнімді енгізудің жалпы ұйымдастырушылық схемасы А қосымшасында берілген.

4.4 Тәжірибелік телімдерді салғаннан кейін мәлімделген сапалық

көрсеткіштерді тексеру және растау, оларды сандық бағалау, сондай-ақ жол қызметінде инновациялық өнімді пайдаланудың экономикалық орындылығын анықтау мақсатында зерттеу (мониторинг) жүргізіледі.

4.5 Жол қызметінде жаңа материалдар мен технологияларды апробациялауды қаржыландыру осы өнімнің өтініш берушісінің немесе үшінші тұлға - төлеушінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

4.6 Жаңа (инновациялық) өнімнің өтінім берушісі өтінім жаңа технологиялар тізілімінде тіркелгеннен кейін:

- аккредиттелген зертханамен қызметтерді/жұмыстарды орындауға шарт жасасады;

- аккредиттелген зертханадан қорытынды алады;

- осы салада тәжірибесі мен құзыреті бар, мемлекет қатысатын ғылыми-зерттеу жол институтымен ғылыми-техникалық сүйемелдеу мен мониторингті жүзеге асыру үшін қызметтерді/жұмыстарды орындауға, сондай-ақ ГОСТ ISO/IEC 17025 «Сынақ және калибрлеу зертханаларының құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптар» талаптарына сәйкестігіне аккредиттелген сынақ зертханаларымен шарт жасасады.

4.7 Өнім сапасыз болған және (немесе) жұмыс өндіру технологиясы сақталмаған жағдайда, өнім беруші мен мердігер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ҚР Ұ 218-144 белгіленген кепілдік мерзімі кезеңінде жоба немесе жөндеуге арналған құжаттама бойынша нормативтік талаптарға дейін тәжірибелік телімді (телімдерді) бөлшектеу және қалпына келтіруге жауапты болады.

4.8 Жол-құрылыс материалдары мен жаңа технологияларды Бірыңғай базаға енгізуді мемлекет қатысатын салалық жол ғылыми-зерттеу институты жүзеге асырады.

4.9 Кеңінен қолдануға ұсынылған жаңа (инновациялық) өнім жол қызметінің тәжірибесіне енгізіледі.

5 АПРОБАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ БІРЫҢҒАЙ БАЗАҒА ЕНГІЗУ ҮДЕРІСІ

5.1 Өтініш берушінің өтінім беруі

Өтінім берген кезде мынадай ақпарат ұсынылады:

- технологияның, материалдың, құрылымның, бұйымның атауы, сипаттамасы;

- өндіруші туралы ақпарат;

- қауіпсіздік паспорты;

- өндірушінің ұйым стандарты (қолдану жөніндегі нұсқаулық);

- материалдың, бұйымның қауіпсіздігін растайтын құжаттар (СЭС қорытындысы немесе Өнімнің қауіпсіздігі туралы хаттама);

- материалдың/бұйымның стандарттау жөніндегі құжаттардың нормативтік талаптарына сәйкестігін растау, сәйкестік сертификаты, ал өндіріс технологиясының ведомстволық нормативтік құжаттарға сәйкестігі;

- бір жылдан ерте емес мерзімде берілген ҚР аккредиттелген зертханасының сынақ хаттамалары;
- ЕАЭО құрамында басқа мемлекеттің аккредиттелген зертханасының сынақ хаттамаларына жол беріледі (ҚР сынақ жүргізу мүмкіндігі болмаған жағдайда);
- жаңа материалды, технологияны, құрылымды немесе бұйымды қолдана отырып, телімді ғылыми-техникалық сүйемелдеу және зерттеу (мониторингілеу) қорытындысы (бар болса);
- техника-экономикалық негіздеме немесе баға ұсынысы;

5.2 Алғашқы тексеру

5.2.1 Бірыңғай база үйлестірушісі ұсынылған деректердің дұрыстығына және құжаттардың жинақтылығына тіркелген кезден бастап 20 жұмыс күні ішінде өтінімді алдын ала қарастырады.

5.2.2 Жаңа (инновациялық) өнімдерге зертханалық зерттеулер ГОСТ ISO/IEC 17025-2019 талаптарына сәйкестігіне аккредиттелген зертханалармен жүргізіледі. Өлшеу құралдары мен сынақ жабдықтарын қолдану Қазақстан Республикасының заңнамасын мемлекеттік реттеуге жататын өлшемдердің белгіленген тізбесіне сәйкес келуге тиіс.

5.3 Тәжірибелік телімде материалды апробациялауға дейін техникалық кеңестің отырысында жаңа материалды немесе жаңа технологияны қарау

5.3.1 Техникалық кеңес өтініш берушінің жаңа/инновациялық өнім бойынша құжаттамасын қарайды және оны одан әрі апробациялау туралы шешім қабылдайды. Техникалық кеңес тәжірибелік телім бөлу жөнінде алқалы шешім қабылдайды. Технологияларды осы Ережелердің А қосымшасына сәйкес мәртебелер бойынша жіктеу жүргізіледі.

5.3.2 Өнімді зертханалық сынау хаттамасы болған кезде «Сұр» мәртебесі беріледі; тәжірибелік телімді мониторингілеу аяқталмаған жағдайда «Сары» мәртебесі беріледі. Бұл мәртебелер Техникалық кеңес мүшелері құрамының кемінде 2/3 келісімі бойынша беріледі.

5.4 Тәжірибелік телімді ғылыми-техникалық сүйемелдеу (мониторингілеу)

5.4.1 Тәжірибелік телім бөлінгеннен кейін жаңа материалдар мен технологияларды өтінім беруші осы салада тәжірибесі мен құзыреті бар ғылыми жол ұйымымен, сондай-ақ ГОСТ ISO/IEC 17025 талаптарына сәйкестігіне аккредиттелген сынақ зертханаларымен ғылыми-техникалық сүйемелдеуге және тексеруге (мониторингке) шарт жасасады.

Ескерту - Ұлттық оператор жаңа материалдар мен технологияларды тиімді бағалау үшін әртүрлі климаттық жағдайларда тәжірибелік телімдерді бөлуді көздейді. Мұндай телімдерді салу салыстырмалы зерттеулер жүргізуге және температура, ылғалдылық, жауын-

шашын, маусымдық өзгерістер, жұмыс және өнім сипаттамалары секілді әртүрлі климаттық факторлардың әсерін бағалауға мүмкіндік береді.

5.4.2 Тәжірибелік жер телімін құру бойынша топ құрылады, оның құрамына: өнімге өтінім беруші, мердігер, техникалық қадағалау, автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператордың өкілі, «ЖАСҰО» РМК өкілі және ғылыми-техникалық қолдау көрсететін ұйым кіреді.

5.4.3 Ғылыми жол ұйымы сынақтан өткізілетін материалдар бойынша берілген қорытындылардың дұрыстығы мен негізділігі үшін толық жауапты болады.

5.4.4 Тәжірибелік телімдерді ғылыми-техникалық сүйемелдеу келесілерді қамтиды:

- жергілікті материалдарды, климаттық аймақтарды және т.б. ескере отырып, қоспалардың құрамын алдын ала іріктеу;

- тәжірибелік телімде қозғалыс қауіпсіздігі белгілерін қою;

- көрнекі және/немесе аспаптық тексеру (бөлінген телімнің жай-күйі, деформациялардың болуы, геометриялық параметрлер, қозғалыс қарқындылығы);

- технологияның сақталуын тіркей отырып, жұмыстарды жүргізу үдерісін бақылау;

- сынама алу актісін жасай отырып, тәжірибелік телімде материалдарды іріктеу (қоспалармен жұмыс істеу кезінде).

5.4.5 Тәжірибелік телімге жаңа материал төсеу жұмыстары аяқталғаннан кейін Б қосымшасына сәйкес тәжірибелік телімді ғылыми-техникалық сүйемелдеу бойынша Акт жасалады.

5.4.6 Өнімнің тиімділігі мен сенімділігін бағалау үшін тексеру (мониторинг) жасалған шарт және В қосымшасы негізінде жүзеге асырылады. Тәжірибелік жер телімінің тексеру мерзімі Г қосымшасына сәйкес анықталады.

5.4.7 Апробация мерзімі аяқталғанға дейін, өтініш берушінің талабы бойынша ғылыми-техникалық сүйемелдеуді орындайтын ғылыми ұйым алдын ала нәтижелерді көрсетпей, мекенжайын, телімнің атауын, материалын, апробация мерзімін көрсете отырып, ғылыми-техникалық сүйемелдеу жөніндегі актіні ұсынуға құқылы.

5.4.8 Өнімнің тиімділігі туралы қорытынды апробация мерзімі аяқталғаннан кейін ғана беріледі. Қорытындыға өнімнің немесе технологияның сипаттамасы, сынақ хаттамалары, актілер, есептеулер және атқарушылық құжаттама жиынтығының бөлігі болып табылатын басқа да материалдар кіреді.

5.4.9 Құндылық үлесі кемінде 80 % құрайтын жаңа және инновациялық өнімдерді отандық өндірушілер үшін өндірістік база болған және жұмыс орындарын қамтамасыз еткен кезде техникалық кеңес сынақтан өткізу мерзімін қысқартуды қарайтын болады.

5.4.10 Техникалық кеңестің отырысында тексерудің (мониторингтің) оң нәтижелері және оларды мақұлдау кезінде өнім жаңа технологиялар тізіліміне

«Жасыл» мәртебесімен енгізіледі, бұл жол саласын практикаға кеңінен енгізу үшін негіз болып табылады.

5.4.11 Зерттеу (мониторинг) барысында анықталған, жұмыстардың жалпы көлемінің 30% асатын тәжірибелік телімдерде ақаулар болған кезде инновациялық өнімнің сапасы тиімсіз болып саналады, олардың пайда болу себептері анықталып, қайта сынақтан өткізілуі тиіс.

5.4.12 Қайта өтінім беру кезінде жаңа (инновациялық) өнімді ұсынған өтініш беруші осы өнімнің бұрын апробациядан өткенін растайтын құжаттаманы, оның құрылысын тексеру (мониторинг) аяқталғанға дейін тәжірибелік телімді фото және бейне тіркеу түріндегі дәлелдемелік базаны, сондай-ақ осы өнім бойынша мәліметтерді ұсынуға міндетті.

5.5 Тәжірибелік телімде материалды апробациялаудан кейінгі техникалық кеңестің отырысы.

Сынақ мерзімі аяқталғаннан кейін және ғылыми ұйымнан оң қорытынды алғаннан кейін жеткізуші «Жасыл» мәртебеге ие болады. «Жасыл» мәртебе техникалық кеңес мүшелерінің онлайн дауыс беруі арқылы беріледі, бұл ретте бекітілген мүшелер құрамының кемінде 2/3 бөлігі дауыс беруге қатысу қажет. Аз мөлшерде дауыс беру өткізілмеген болып саналады. «Жасыл» мәртебе жиналған дауыс саны 50%-дан жоғары болған кезде беріледі. 50 % және одан аз дауыс жинаған кезде қорытынды Техникалық кеңестің келесі отырысында қайта қаралады және егер қажетті % дауыс жиналмаса, материалға «Көк» мәртебесі беріледі.

6 ПИЛОТТЫҚ ЖОБАЛАРДА «САРЫ» МӘРТЕБЕСІ БАР МАТЕРИАЛДАР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

6.1 Жаңадан салу, қайта құру, күрделі және орташа жөндеу нысандары үшін материалдарды мемлекеттік немесе өзге де сатып алу кезінде өнімнің Бірыңғай базада болуын ескеру қажет. Бұл ретте, бірінші кезекте, апробацияланған жаңа технологиялар мен «Жасыл» мәртебесі бар отандық өндірушілердің материалдарын қосу қажет.

6.2 Анықталған ақауларсыз белгіленген апробация мерзімінің жартысынан астамы өткен жағдайда, пилоттық жобада жаңа технология мен «Сары» мәртебесі бар материалды қолдануға жол беріледі. Пилоттық жобаның ауданы Д қосымшасында көрсетілген. «Сары» мәртебесі бар материалды коммерциялық сату жаңа технология мен материалды жеткізушінің технологиялық қатысуымен және осы салада тәжірибесі мен құзыреті бар ғылыми жол ұйымының ғылыми-техникалық сүйемелдеуімен, сондай-ақ ГОСТ ISO/IEC 17025 талаптарына сәйкес аккредиттелген сынақ зертханаларымен жүзеге асырылады.

6.3 «Сары» мәртебесі бар материалды қолдана отырып, пилоттық жобаларды салу кезінде жол-құрылыс жұмыстарының сапасын бақылау міндетті болып табылады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен

және қолданыстағы нормативтік құжаттармен регламенттеледі.

6.4 Пилоттық жобалардың құрылысын қадағалау қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілермен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Техникалық қадағалауды ҚР ЕР 218-162 және ҚР ВН 8.12-001 сәйкес жүзеге асыру ұсынылады, бұл ретте жұмыс өндіру технологиясының ерекшеліктерін ескеру қажет.

7 ЖОБАЛАУ-СМЕТАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМА ЖӘНЕ БІРЫҢҒАЙ БАЗАДА ТІРКЕЛГЕН ӨНІМДІ ҚОЛДАНУ

7.1 Техникалық құжаттаманы әзірлеу кезінде техника-экономикалық негіздемелерді, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуді, автомобиль жолдары мен көпірлерді салуды, қайта құруды, жөндеуді, пайдалануды және күтіп-ұстауды жүзеге асыратын нарыққа қатысушыларға тиісті мәртебелері бар Бірыңғай базада тіркелген материалдар мен технологиялар қолданылуы тиіс:

- «Қолданысқа ие» мәртебесі бар және сынаудың өзекті хаттамалары бар (берілген күні бір жылдан аспауы қажет) карьерлердің инертті материалы (шағыл тас, қиыршық тас, қиыршық тасты-күмді қоспалар, шағыл тасты-қиыршық тасты-күмді қоспалар);

- «Жасыл» мәртебесі бар өнімдер (жаңа материал/бұйым немесе технология);

- «Апробацияланған» мәртебесі бар ЖҚҚ техникалық құралы;

- басқа өндірушілердің материалдары – цемент, минералды ұнтақ, битум, бетон, темірбетон бұйымдары (бұдан әрі - ТББ), күм - өзекті хаттамамен (берілген күні бір жылдан аспауы қажет).

7.2 Жобаға Жаңа материалдар немесе технологиялар тізілімінен өнімдерді енгізер алдында жобаның тапсырыс берушілері таңдалған компоненттерді (тұрақтандырғыштар, модификаторлар, полимерлер, адгезиялық және өзге де қоспалар, химиялық және органикалық қоспалар және т.б.) жол төсемесінің құрылымдық қабаттарын салуға қажетті материалдармен (топырақ, шағыл тас, ҚҚҚ және т.б.) зертханалық сынауға бастамашылық етеді және сынақтардың нәтижелері туралы тапсырыс берушіге, «ЖАСҰО» ШЖҚ РМК, «ҚазжолҒЗИ» АҚ хабардар етеді.

7.3 Жобаларды іске асыру кезеңінде «Жасыл» мәртебесі бар таңдалған өнімді жеткізушілер өнімнің тиісті сапасына жауапты болады.

7.4 Жобада, құрылысқа, жөндеуге және күтіп-ұстауға арналған құжаттамада қабылданған «Жасыл» мәртебесі бар өнім форс-мажорлық жағдайларды (табиғи апаттар, карантин, жеткізу мерзімінің бұзылуы және т.б.) қоспағанда, жобаны іске асыру кезінде ауыстыруға жатпайды. Өнімді қайта келіскен (ауыстырған) жағдайда қолданылатын өнімге берілген талаптарға сәйкестігіне зертханалық сынақтар жүргізіледі.

7.5 Егер жобаны іске асыру кезінде жаңа карьер табылған жағдайда-меншік иесі / карьер иесі өтінім беруге және материалды Бірыңғай базада тіркеуге

міндетті.

8 МАШИНАЛАР, ЖАБДЫҚТАР ЖӘНЕ МЕХАНИЗМДЕР

8.1 Технологиялық карталарды және жаңа заманауи машиналар мен механизмдерге, аспалы жабдыққа арналған бірыңғай бағаларды өзектендіру үшін Бірыңғай база цифрлық платформасында Қазақстан Республикасының аумағында бірегей, заманауи машиналарды, жабдықтар мен механизмдерді қолдану туралы каталогты қалыптастыру жұмыстары жүргізілуде. Каталог толтырылғаннан кейін машиналар, жабдықтар мен механизмдер жұмысының тиімділігін сипаттайтын мынадай көрсеткіштерге байланысты автомобиль жолдары мен олардағы құрылыстарды салу/қайта құру, жөндеу (күрделі, орташа) және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыс түрлерін орындауға жиынтық сметалық баға жасалады:

- өнімділікті арттыру;
- пайдалану шығындарын азайту;
- амортизациялық аударымдар;
- жөндеу және техникалық қызмет көрсету шығындары;
- тез тозатын бөлшектер мен ауыстырылатын жабдықтарды ауыстыру

шығындары;

- машинистердің жалақысы;
- энергия шығындары;
- майлау материалдарының шығындары;
- гидравликалық сұйықтық шығындары;
- көшіру шығындары.

Аспалы жабдықтың тиімділігі анықталатын көрсеткіштер:

- өнімділік;
- жұмыс жабдығының қуаты;
- құрылым мен басқарудың қарапайымдылығы;
- пайдалану сенімділігі;
- қызмет көрсетуші қызметкерлердің саны мен біліктілігі;
- монтаждау мен бөлшектеудің еңбек сыйымдылығы;
- өздігінен жүретін машиналардың жинақтылығы;
- қызмет көрсету қауіпсіздігі;
- шығыс материалдарын тұтыну;
- құны;
- машинаның өнім бірлігінің (жұмысының) өзіндік құны;
- габариттік өлшемдер.

8.2 Өтінім беру кезінде мынадай деректер мен құжаттама ұсынылады:

- машинаның, механизмнің, жабдықтың атауы, мақсаты және қолдану саласы;

- техникалық көрсеткіштер мен параметрлер, өндіруші туралы ақпарат, жұмыс және қызмет көрсету режимі, пайдалану шарттары;

- міндетті рұқсат беру құжаттамасы: сәйкестік декларациясы және немесе сәйкестік сертификаттары, патенттер (бар болса), нақты жұмыс түрлерін орындауға сертификаты немесе лицензиясы бар ұйымда техникалық байқаудан өту негізінде берілетін техникалық паспорт.

9 КАРЬЕРЛЕР МЕН ЗАУЫТТАР

9.1 Жол-құрылыс материалдарының бірыңғай базасының тізіліміне енгізу үшін өтініш беруші (карьер және/немесе зауыт иесі) www.rcmbase.qazjolgzi.kz сайтында өтінім, сондай-ақ келесі деректерді ұсынуы қажет:

- ұйым/меншік иесі;
- байланыс деректері (аты-жөні, телефоны, электронды пошта);
- карьердің, зауыттың атауы;
- шығарылатын өнім түрі;
- карьердің, зауыттың нақты орналасқан жері (орналасу координаттары);
- карьердің мәртебесі (жұмыс істеп тұрған, жұмыс істемейтін);
- қуаттылығы (өндіріс көлемі, айына м³);
- қорлардың көлемі (мың тонна);
- жер қойнауын өндіруге және жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның қолданылу мерзімі;
- геология қорытындысы;
- өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құзыретті органдардың сәйкестік сертификаты.

9.2 Жергілікті атқарушы органдардың, «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ, «ЖАСҰО» ШЖҚ РМК облыстық филиалдарының көмегімен карьердің және/немесе зауыттың, кәсіпорынның меншік иесі/иесі міндетті түрде жылына кемінде бір рет Бірыңғай базаның үйлестірушісі («ҚазжолҒЗИ» АҚ) қуат (айына м³ өндіріс көлемі, кәсіпорынның көлемі (мың тонна)) туралы жаңартылған ақпаратты, кез келген аккредиттелген зертхананың өзекті сынақ хаттамасын ұсынады.

9.3 Бірыңғай базаға енгізілген карьерлер мен өндірушілер (минералды ұнтақ, цемент, шағыл тас, битум) мынадай мәртебелер бойынша жіктеледі:

- «қолданысқа ие» - жол-құрылыс материалдарын іріктеу жүргізілді, сынақ хаттамалары өзекті;
- «сынақ сатысында» - жол-құрылыс материалдарын бастапқы және/немесе қайта іріктеу жүргізілді, сынақ хаттамасы жоқ немесе өзекті емес;
- «қолданысқа ие емес» - карьер және/немесе өндіруші (минералды ұнтақ, цемент, шағыл тас, битум) жұмыс істемейді немесе өзекті ақпарат жоқ.

9.4 Бірыңғай базада жүктелген зертханалық қорытындылардың және/немесе сынақ хаттамаларының қолданылу мерзімі бір жылдан аспауы қажет.

9.5 Аккредиттелген зертханадан осы қорытындыларды қайта алу ұйым/меншік иесі есебінен жүзеге асырылады.

9.6 Асфальтбетон зауыттарының инспекциясы Бірыңғай базаның АБЗ картасына нәтижелерді енгізу үшін автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның бұйрығы бойынша жылына кемінде бір рет комиссиялық түрде жүргізіледі. Инспекциядан кейін зауыттарға «Асфальтбетон зауыттарының асфальтбетон қоспаларын шығару және олардың сапасын бақылау жөніндегі ережеге» сәйкес рейтинг беріледі. Инспекция зауыт иесінің және жергілікті атқарушы органдардың міндетті көмегімен «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ және «ЖАСҰО» ШЖҚ РМК келісімі бойынша жүргізіледі.

10 ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫ

10.1 Жол қозғалысы қауіпсіздігінің техникалық құралдарын жеткізушілер: сымарқан және тосқауылдық қоршаулар, қар ұстайтын қоршаулар, мал өткелдері, жол белгілері, бағдаршамдар, жол таңбалауға арналған бояулар мен герметиктер, жарықтандыру аспаптары және т.б. Бірыңғай базаға қосу үшін жол қозғалысы қауіпсіздігінің техникалық құралдарының (ЖҚҚ) тізіліміне енгізіледі.

10.2 Өнім берушіден өтінім алғаннан кейін автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператор осы Ережелердің Г қосымшасына сәйкес апробациялау өткізу үшін тәжірибелік телім бөледі.

10.3 Бірыңғай базаға енгізілген ЖҚҚ техникалық құралдары мынадай мәртебелер бойынша жіктеледі:

- «Апробацияланған» - комиссия мүшелерінің қатысуымен тәжірибелік телімде апробация аяқталғаннан кейін беріледі;
- «Апробацияланбаған» - тәжірибелік телімде апробацияланбаған техникалық құралдарға беріледі.

10.4 Тәжірибелік телімді ғылыми-техникалық сүйемелдеу және зерттеу (мониторинг) рәсімі осы Ережелердің 5.4-тармағына сәйкес жүргізіледі.

11 ӨНЕРКӘСІПТІК, ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ ТЕХНОГЕНДІК ҚАЛДЫҚТАРДАН АЛЫНҒАН МАТЕРИАЛДАР ТІЗІЛІМІ

11.1 Өнеркәсіптік және өндірістік қалдықтардан алынған материалдарды Бірыңғай базаға енгізу өтінімді міндетті тіркеуді, апробацияның барлық кезеңдерінен өтуді және тиісті мәртебелерді алуды қоса алғанда, жаңа технологияларға арналған рәсімге ұқсас жүзеге асырылады.

11.2 Рәсімдер мыналарды қамтиды:

- материалдардың сипаттамаларын және болжамды қолдануды көрсете отырып, Бірыңғай база тізіліміне өтінім беру;
- құжаттардың толықтығын бастапқы тексеру;
- апробацияны бастау туралы шешім қабылдау үшін техникалық кеңестің отырысында өтінімді қарау;

- аккредиттелген зертханада зертханалық сынақтар жүргізу;
- ғылыми-техникалық сүйемелдеумен және кейіннен мониторингілеу арқылы тәжірибелік телімді салу;
- «Жасыл» мәртебесін беру туралы шешім қабылдау үшін Техникалық кеңестің отырысында апробациялау нәтижелерін қарау.

11.3 Апробациядан өткен және «Жасыл» мәртебесін алған материалдар жол қызметіне кеңінен енгізуге жол беріледі.

11.4 Материалға «Сұр» мәртебесі берілгеннен кейін өнеркәсіптік қалдықтардың ГАЖ-картасында материалдың орналасқан жері көрсетіледі.

12 КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР

12.1 Өндіруші/жеткізуші жұмыстарды дайындау және/немесе өндіру технологиясын, сақтау және тасымалдау шарттарын, жұмыстар өндірісін сақтай отырып, өнімнің физика-механикалық және пайдалану сипаттамаларына, қауіпсіздік көрсеткіштеріне ТР/КО 014-2011 «Автомобиль жолдарының қауіпсіздігі» [1] және № 435 ТР/ҚР «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі туралы» [3] регламент талаптарына сәйкес келуіне кепілдік береді.

13 ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

13.1 Тәжірибелік телімдерді салу және зерттеу (мониторингілеу) бойынша жұмыстарды орындау кезінде ҚР ҚН 1.03-05, ҚР ЕЖ 1.03-106, ҚР ЕЖ 2.02.101 ережелерін басшылыққа алу қажет. Жұмысты бастар алдында осы жұмыс түрлеріне тартылған мамандар еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтан өтіп, қауіпсіздік техникасы жөніндегі журналда тиісті белгілермен өтуі тиіс.

13.2 Жылжымалы жол зертханалары ҚР СТ 2607 және ГОСТ 32758 сәйкес жол белгілерімен және/немесе қызғылт сары жарықтың жарқылдауық шамшырақпен қосымша жабдықталады.

13.3 Тәжірибелік телімдерді салу және зерттеу (мониторингілеу) бойынша жұмыстарды орындау кезінде жол белгілері ҚР СТ 1412 сәйкес тексерілетін жол теліміне жақындау жерлерінде орнатылады.

13.4 Тәжірибелік телімдерді/нысандарды тексеру (мониторингілеу) кезінде қауіпсіздік техникасы жөніндегі нормативтік құжаттарда баяндалған еңбекті қорғау жөніндегі нұсқауларды сақтау қажет.

13.5 Тәжірибелік телімдерді салу, зерттеу (мониторингілеу) бойынша жұмыстарды орындау кезінде еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету жауапты тұлғаға (ғылыми-техникалық сүйемелдеу және тәжірибелік телімдерді/нысандарды мониторингілеуге өтініш берушіге) жүктеледі.

13.6 Тәжірибелік телімдерді салу, зерттеу (мониторингілеу) жөніндегі жұмыстарға еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтан

өткен 18 жастан кіші емес тұлғалар жіберіледі.

13.7 Құрылыс ұйымдарының жұмысшылары, басшылары, мамандары мен қызметшілері (меншік нысанына қарамастан), сондай-ақ өтініш берушілер жұмыс түрі мен тәуекел дәрежесін ескере отырып, арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа да жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етіледі.

14 ҚОРШАҒАН ОРТАНУ ҚОРҒАУ

14.1 Өнімдер мен технологияларды апробациялау үдерісінде Кеден одағының техникалық регламентін [1], ҚР техникалық регламентін [3], Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексін [7] және табиғи ортаны қорғауға қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құжаттарды басшылыққа алу қажет.

14.2 Жаңа материалдарды/бұйымдарды қолдана отырып, тәжірибелік телімдерді/нысандарды салу экологиялық қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның оң қорытындысы болған кезде жүзеге асырылады.

15 ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

15.1 Тәжірибелік нысандар оларды пайдалану кезінде өрттің алдын алуға бағытталған Қазақстан Республикасының «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентінің және ҚР ЕЖ 2.02-101 талаптарына сәйкес іс-шаралар жүзеге асырылатындай етіп орналастырылуы, жобалануы және салынуы тиіс, ал өрт туындаған жағдайда мынадай іс-шаралар сақталуы тиіс:

- адамдарды кедергісіз эвакуациялау және өрттен келтірілген зиянды азайтуға бағытталған басқа да әрекеттерді орындау бойынша;
- өрт ошағының шегінде және одан тыс жерлерде қауіпті факторлардың тәуекелдерін төмендету бойынша;
- өрт сөндіру бөлімшелерінің жеке құрамының қол жетімділігін және өрт ошағына өрт сөндіру құралдарын беруді қамтамасыз ету, сондай-ақ адамдарды құтқару және өрттен болатын материалдық құндылықтар мен қоршаған ортаға залалды азайту жөніндегі іс-шараларды жүргізу бойынша.

А қосымшасы (ақпараттық)

Жол саласына жаңа (инновациялық) өнімді енгізудің ұйымдастырушылық схемасы

Деңгей	Кезең	Қысқаша сипаттамасы			
Өтінім	Өтінімді беру және қарау	1. Өтінімді алдын ала қарау - құжаттың толықтығын тексеру			
		2. Техникалық кеңестің отырысында танысу. Жаңа технологиялар тізіліміндегі және Өнеркәсіптік, өндірістік және техногендік қалдықтардан алынған материалдар тізіліміндегі мәртебелер бойынша жіктеу: - «Жасыл» мәртебесі (апробацияланған) – тізілімге енгізілген, жобалау-сметалық құжаттамаға енгізуге ұсынылған; Ескертпе: Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу кезінде мемлекеттік сараптамамен мақұлданған технологиялық карта, техника-экономикалық негіздеме және мониторинг қорытындысы болған кезде. «Көк» мәртебесі (қайта қарау) - тәжірибелік телім бойынша қорытынды есеп (ғылыми-техникалық сүйемелдеу және мониторинг қорытындысы) бар, «Жасыл» мәртебе беру үшін Техникалық кеңестің дауыс беруінің ең төменгі шегінен өтпеген. «Көк» мәртебе, сондай-ақ жеткізушінің осы материалды ҚР аумағына уақытша ұсынбауға ерікті түрде бас тарту туралы өтініші / хаты негізінде беріледі; «Сары» мәртебесі (апробациялану сатысында) - аккредиттелген зертханадан зертханалық қорытынды бар, тәжірибелік телім бөлінген, ғылыми-техникалық сүйемелдеуден және тәжірибелік телімнің мониторингінен өту үдерісінде; «Сұр» мәртебесі (апробацияланбаған) – аккредиттелген зертханадан қорытынды бар, тәжірибелік телімді бөлу сатысында.			
		Апробация	Тәжірибелік енгізу және ғылыми-техникалық сүйемелдеу, мониторинг	3. Тәжірибелік телімді бөлу 4. Тәжірибелік телімдерді ғылыми-техникалық сүйемелдеу және зерттеу (мониторингілеу).	
			Тиімділікті талдау	5. Тәжірибелік телімдерді мониторингілеу бойынша алдын ала және қорытынды есептерді қарау <table><tr><td>Оң нәтиже</td><td>Теріс нәтиже: Тізілімге енгізілмейді</td></tr></table> 6. Қолда бар құжаттар топтамасын қарау және дауыс беруді өткізу үшін Техникалық кеңестің отырысы <table><tr><td>Мақұлданды: Бірыңғай база тізіліміне енгізілді</td><td>Мақұлданбады</td></tr></table>	Оң нәтиже
Оң нәтиже	Теріс нәтиже: Тізілімге енгізілмейді				
Мақұлданды: Бірыңғай база тізіліміне енгізілді	Мақұлданбады				
Енгізу	Жаңа (инновациялық) өнімді енгізу	7. «Жасыл» (апробацияланған) мәртебесі бар жаңа (инновациялық) өнімді пайдалана отырып жобалау құжаттамасын әзірлеу 8. Апробацияланған инновациялық өнімдерді енгізу бойынша жұмыстардың орындалуын бақылау және есеп беру 9. Апробацияланған инновациялық өнімдерді енгізу бойынша ақпараттық қамтамасыз ету			

Б қосымшасы (міндетті)

**Автомобиль жолы телімінде немесе нысанда технологияны (жаңа материалды, зертханалық аспапты, жабдықты) қолдана отырып, тәжірибелік телімді (нысанды) ғылыми-техникалық сүйемелдеу жөніндегі
АКТ**

Ұзындығы м _____ шқ «_____» ныса
«_____» 20 ж.
(орналасқан жері)

Біз, төменде қол қойған келесі құрамдағы комиссия: _____

____, «_» _____ 202 жылғы _____ сағ. _____ минуттан
бастап «_» _____ 202 жылғы _____ сағ. _____ минутқа дейін _____
тиімділігін анықтау мақсатында

нысанда ұзындығы _____ шқ _____ (ШҚ-
нан ШҚ-ға + дейін) жұмыстар жүргізілгендігі туралы акт жасастық.
Тәжірибелік телімнің (нысанның) орналасқан жері:

автомобиль жолының телімі _____ (ШҚ _____ ШҚ _____ дейін), сұлба қоса беріледі

Жұмыстарды жүргізуші (жүргізушілер) _____

Жұмыстарды орындау шарттары:

Ауа температурасы _____ °С-тан _____ °С дейін.

Ауаның ылғалдылығы _____ %-дан _____ %-ға дейін.

Ауа райы жағдайы _____

Жұмыстарды орындау уақыты:

Басталуы: «_____» _____ 2020 ж. _____ сағ. _____ мин.

Аяқталуы «_____» _____ 2020 ж. _____ сағ. _____ мин.

Телімнің жай-күйі:

Телімнің ұзындығы _____ м;

Жүру бөлігінің ені _____ м;

Қозғалыс қарқындылығы _____ авт/сағ. немесе авт/тәул.

Орындалатын жұмыстар түрі: _____

Бақылау және тәжірибелік телімдегі қоспаның құрамы (жаңа материалдың, құрылымның, қабаттың, қаттамның, бұйымның және т.б. атауы)

Технологиялық операциялар (техникалық шешімдер және т.б.):

Қолданылатын машиналар мен механизмдер (жаңа аспаптар, жабдықтар, жаңа жол техникасы және т.б.)_____:

Технологияның бұзылуы (болған жағдайда)_____

Лауазымы, ұйымның атауы	Қолы	Аты-жөні
Лауазымы, ұйымның атауы	Қолы	Аты-жөні
Лауазымы, ұйымның атауы	Қолы	Аты-жөні
Лауазымы, ұйымның атауы	Қолы	Аты-жөні
Лауазымы, ұйымның атауы	Қолы	Аты-жөні

В қосымшасы*(міндетті)*

Нысанда (жаңа материалдың, технологияның және т.б. атауы) қолдана отырып, тәжірибелік және бақылау телімдерінің жай-күйін тексеруді (мониторингілеуді) орындауға арналған АКТ

автомобиль жолы телімінің атауы

Орналасқан жері

20__ж. «__»__

Біз, төменде қол қойған келесі құрамдағы комиссия:

_____, 20__ жылғы _____ «__» _____ сағ. _____ минуттан бастап
20__ жылғы «__» _____ сағ. _____ минутқа дейін _____

нысанда
тиімділігін анықтау мақсатында визуалды және немесе аспаптық тексеру жүргізілгендігі туралы акт жасастық.

Тәжірибелік телімнің орналасқан жері:

Бақылау телімінің орналасқан жері (қажет болған жағдайда) _____

Жұмыстарды жүргізуші:

Жұмыстарды орындау шарттары:

Ауа температурасы _____ °С-тан _____ °С дейін.

Ауа райы жағдайы _____

Жұмыстарды орындау уақыты:

Басталуы: «_____» _____ 2020 ж. _____ сағ. _____ мин.

Аяқталуы «_____» _____ 2020 ж. _____ сағ. _____ мин.

Телімнің жай-күйі:

Телімнің ұзындығы _____ м;

Жүру бөлігінің ені _____ м;

Қозғалыс құрамы: жүк көтергіштігі 40 тн асатын жүк автомобильдері _____

Жүк көтергіштігі 25 тн-дан 40 тн-ға дейінгі жүк
автомобильдері _____

Жүк көтергіштігі 12 тн дейінгі жүк автомобильдері _____

Жеңіл

автомобильдер

Жұмыстарды орындау барысында сынамалар (керндер) іріктелді
Сынамаларды іріктеу актісі қоса беріледі (қажет болған жағдайда)
Объективті:

Лауазымы, ұйымның атауы	Қолы	Аты-жөні
Лауазымы, ұйымның атауы	Қолы	Аты-жөні
Лауазымы, ұйымның атауы	Қолы	Аты-жөні
Лауазымы, ұйымның атауы	Қолы	Аты-жөні
Лауазымы, ұйымның атауы	Қолы	Аты-жөні
Лауазымы, ұйымның атауы	Қолы	Аты-жөні

көзбен шолу нәтижелері, пайдалану шарттары, ерекшеліктері, шектес аналогтан айырмашылығы, анықталған ақаулардың сипаттамасы: (өлшем бірлігі, ақаудың пайда болуының ықтимал себебі, ақауды жою әдісі және орындау мерзімі, ақауларды жою мүмкінсіздігінің себептері және т. б.)

Зерттеу кезінде пайдаланылған метрологиялық деректері бар жабдықтар мен өлшеу құралдарының тізбесі:

Атауы	Түгендеу (зауыттық) нөмірі	Тексеру, калибрлеу туралы мәліметтер

Қосымша зертханалық зерттеулер жүргізу үшін сынамаларды іріктеу туралы мәліметтер (қажет болған жағдайда):

(сынаманың атауы; сынаманы іріктеген тұлғалар туралы мәліметтер; сынамалардың саны; сынамалардың қаптамасы туралы мәліметтер; сынамалар жіберілген зертхана)

Келесі тексерудің ұсынылатын мерзімі

(аяқталу күні; ұйым немесе комиссия)

Жүргізілген тексеру нәтижелерін растаймыз:

Комиссия төрағасы:

(лауазымы)

(қолы)

(қолтаңбаны ашып жазу)

Комиссия мүшелері:

(лауазымы)

(қолы)

(қолтаңбаны ашып жазу)

(лауазымы)

(қолы)

(қолтаңбаны ашып жазу)

(лауазымы)

(қолы)

(қолтаңбаны ашып жазу)

Г қосымшасы
(міндетті)

**Г71-кесте - Жаңа (инновациялық) материалдар мен технологияларды тексеру
(мониторингілеу) мерзімі**

№	Материалдың атауы	Қолдану саласы	Мониторингілеу мерзімі
1	Битумға арналған модификациялаушы қоспалар (полимерлер және т.б. негізінде)	Асфальтбетон, шағыл тасты-мастикалық қоспалар үшін	2 жылдан кем емес
2	Топыраққа арналған тұрақтандырғыштар / тұрақтандырғыш қоспалар	Негіздің барлық қабаттары үшін	2 жылдан кем емес
3	Адгезиялық қоспалар/қоспалар	Асфальтбетон, шағыл тасты-мастикалық қоспалар үшін	2 жылдан кем емес
4	Жолды таңбалауға арналған бояу	Бетон және асфальтбетон жамылғылары үшін	1-3 айдан кем емес
5	Сіндіргіш қоспалар	Бетон және асфальтбетон жамылғылары үшін	2 жылдан кем емес
6	Жол қауіпсіздігінің техникалық құралдары (жол белгілері, жасанды жол ткіссіздіктері, тосқауыл және қар ұстайтын қоршаулар және т.б.)	Жол қауіпсіздігін ұйымдастыру үшін	2 жылдан кем емес
7	Көктайғаққа қарсы материалдар	Бетон және асфальтбетон жамылғылары үшін	3-5 сағаттан кем емес
8	Жолдарды шаңсыздандыруға арналған материалдар	Қиыршық тасты, шағыл тасты, топырақты жамылғылар үшін	7-10 сағаттан кем емес
9	Геосинтетикалық материалдар (геоторлар, геошарбақтар, геотоқыма)	Топырақты нығайту, негіздерді, құламаларды армирлеу үшін	2 жылдан кем емес
10	Жөндеу қоспалары	Бетон және асфальтбетон жамылғылары үшін шұңқырларды жөндеу, жіктерді герметикпен бітеу	6 айдан кем емес
		Көпір құрылыстарының жөндеу, деформациялық жіктері, ағынды цементтеу, жасанды құрылыстардағы үйінді құламаларын нығайтуға арналған топырақ анкерлері	1 жыл

Г.1 кестенің соңы

11	Икемді бетон төсеніштері, нығайтуға арналған материалдар.	Үйінді құламаларын, көпір кіреберістерін нығайту үшін	2 жылдан кем емес
12	Бетонға арналған пластификаторлар және ауа тартатын қоспалар	Бетондар үшін	2 жылдан кем емес
13	Тұрақтандырғыш қоспалар	ШМА үшін	1 жылдан кем емес
14	Энергия үнемдейтін қоспалар	Асфальтбетон жамылғылары үшін	1 жылдан кем емес
15	Су тасқынына қарсы қоршаулар		3-6 айдан кем емес
16	Жолдарға арналған жарықтандыру құрылғылары		6 айдан кем емес
17	Өнеркәсіптік қалдықтардан алынған минералды ұнтақ	Асфальтбетон жамылғылары үшін	2 жылдан кем емес

Д қосымшасы
(міндетті)

Д.1-кесте – «Сары» мәртебесі бар материалдарды апробациялауға ұсынылатын және пилоттық жобаларға арналған тәжірибелік телімдердің ұзындығы/ауданы

№	Материалдың атауы	Апробациялау үшін (тәжірибелік телім)	Пилоттық телім үшін (коммерциализация)	Ескертпе
1	Битумға арналған модификациялаушы қоспалар (полимерлер және т.б. негізінде)	200 м-ден кем емес	1-10 шқ	Тәжірибелік телімде ақаулар болмаған және апробация мерзімінің жартысынан астамы өткен жағдайда. 6.1-т.
2	Топыраққа арналған тұрақтандырғыштар / тұрақтандырғыш қоспалар	200 м-ден кем емес	500 м - 10 шқ	Тәжірибелік телімде ақаулар болмаған және апробация мерзімінің жартысынан астамы өткен жағдайда. 6.1-т.
3	Адгезиялық қоспалар/қоспалар	100-300 м-ден кем емес	500 м - 10 шқ	Тәжірибелік телімде ақаулар болмаған және апробация мерзімінің жартысынан астамы өткен жағдайда. 6.1-т.
4	Жолды таңбалауға арналған бояу	50-100 м-ден кем емес	Қарастырылмайды	Апробация мерзімі толық өткеннен кейін
5	Сіндіргіш қоспалар	200 м-ден кем емес	500 м - 5 шқ	Тәжірибелік телімде тиімділік расталғаннан және апробация мерзімінің жартысынан астамын өткен кезде. 6.1-т.
6	Жол қауіпсіздігінің техникалық құралдары (жол белгілері, жасанды жол ткіссіздіктері, тосқауыл және қар ұстайтын қоршаулар және т.б.)	2-5 бірлік	10-20 бірлік	Тәжірибелік телімде ескертулер болмаған және апробация мерзімінің жартысынан астамы өткен кезде. 6.1-т.
7	Көктайғаққа қарсы материалдар	50-100 м	Қарастырылмайды	Апробация мерзімі толық өткеннен кейін
8	Жолдарды шаңсыздандыруға арналған материалдар	200-500 м	Қарастырылмайды	Апробация мерзімі толық өткеннен кейін
9	Геосинтетикалық материалдар (геоторлар, геошарбақтар, геотоқыма)	100-200 м	500 м - 5 шқ	Тәжірибелік телімде тиімділік расталғаннан және апробация мерзімінің жартысынан астамын өткен кезде. 6.1-т.
10	Жөндеу қоспалары	50-100 м	200-500 м	Тәжірибелік телімде ескертулер болмаған және апробация мерзімінің

				жартысынан астамы өткен кезде. 6.1-т.
--	--	--	--	---------------------------------------

Д.1-кестенің соңы

№	Материалдың атауы	Апробациялау үшін (тәжірибелік телім)	Пилоттық телім үшін (коммерциализация)	Ескертпе
11	Икемді бетон төсеніштері, нығайтуға арналған материалдар.	100-200 м	500 м - 5 шқ	Тәжірибелік телімде ескертулер болмаған және апробация мерзімінің жартысынан астамы өткен кезде. 6.1-т.
12	Бетонға арналған пластификаторлар және ауа тартатын қоспалар	100-200 м	500 м - 5 шқ	Тәжірибелік телімде ескертулер болмаған және апробация мерзімінің жартысынан астамы өткен кезде. 6.1-т.
13	Тұрақтандырғыш қоспалар	200 м	500 м-5 шқ	Тәжірибелік телімде ескертулер болмаған және апробация мерзімінің жартысынан астамы өткен кезде. 6.1-т.
14	Энергия үнемдейтін қоспалар	50-100 м	500 м-5 шқ	Тәжірибелік телімде ескертулер болмаған және апробация мерзімінің жартысынан астамы өткен кезде. 6.1-т.
15	Су тасқынына қарсы қоршаулар	50-100 м	Қарастырылмайды	Апробация мерзімі толық өткеннен кейін
16	Жолдарға арналған жарықтандыру құрылғылары	2-5 бірлік	Қарастырылмайды	Апробация мерзімі толық өткеннен кейін
17	Өнеркәсіптік қалдықтардан алынған минералды ұнтақ	200 м-ден кем емес	1-5 шқ	Тәжірибелік телімде ескертулер болмаған және апробация мерзімінің жартысынан астамы өткен кезде. 6.1-т.

Ескертпе - Материалдың әрбір түрі бойынша пилоттық жобалардың рұқсат етілген саны үштен аспауы тиіс.

Библиография

[1] 15.02.2011 ж. 014/2011 «Автомобиль жолдарының қауіпсіздігі» Кеден одағының техникалық регламенті.

[2] 17.07.2001 ж. № 245 «Автомобиль жолдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

[3] 09.06.2023 ж. № 435 «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының техникалық регламенті.

[4] 16.07.2001 ж. № 242-II «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

[5] «Автомобиль жолдарын күтіп-ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу және жол активтерін басқару кезінде орындалатын жұмыс түрлерінің жіктелмесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2014 жылғы 24 қаңтардағы № 56 бұйрығы.

[6] «Асфальтбетон зауыттарынан асфальтбетон қоспаларын шығару және олардың сапасын бақылау жөніндегі ережелер».

[7] Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі.

[8] Жаңа технологтыларды, жаңа техниканы және жаңа жол материалдарын қолдана отырып, орташа және ағымдағы жөндеу бойынша элементтік сметалық нормаларды есептеу әдістемесі.

Комитет автомобильных дорог - Самамбетов Н. Т.

ӘОЖ 625.7/.8:001.895(083.13)

МСЖ 93.080

Түйін сөздер: жол-құрылыс материалдарының бірыңғай базасы, жаңа технологиялар тізілімі, техникалық кеңес, өтініш беруші, ғылыми-техникалық сүйемелдеу, пилоттық телім

Орындаушылар:

Әзірлеме жетекшісі

Жауапты орындаушы

Орындаушылар:

Согласовано

20.02.2025 12:24 Кабдолдина Б.Б. ((и.о Канатова Ж. К.))

20.02.2025 12:47 Шымырбаев Габит Зиябекович

20.02.2025 14:44 Нурманова Перизат Н

20.02.2025 15:33 Каирлиев Ернар Дулатович

20.02.2025 15:55 Габдуллина Анар Момынгазиновна

Подписано

20.02.2025 17:41 Абдуллин Толеген Турсынович



Комитет автомобильных дорог - Самамбетов Н. Т.